

## Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

p/n №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылымтехникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Мүрәлім Гүлнұр Оразбекқызының «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар (Т. Әбдікәкімұлы, Ұ. Есдәулет, Ж. Әскербекқызы лирикасы негізінде)» атты диссертациялық жұмысы әдебиеттану ғылымының даму бағыттарына сәйкес келеді және Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының мақсаттарын көздейді.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының 18-бабының 3-тармағына сәйкес іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді айқындаудың басым бағыттарын көздейді. М. Г. Оразбекқызы бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындарды көне тотемдік көріністерден қазіргі коданыстағы реминисценциялық ізденістеріне дейін саралауда мифологема, топономика поэзиясы, малиха, фасиха, эзотерика, рудимент, экзистенциализм, импрессионизм ұғымдары әлемдік әдебиеттану ғылымын өзекті тақырыптары саналатын танымдық және әлеуметтік факторлармен байланыстыра зерделеуге мүмкіндік берді, соның негізінде философия докторы дәрежесіне ұсынылып отырылған диссертацияның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен тоғысқан құндылығы да нақтыланды. Осы қатарда «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында отандық және әлемдік практикаларға сәйкес ғылыми тұжырымдарды сапалы тәжірибелік қормен қамтамасыз етуге, ғылыми сұраныс нәтижелерін халықаралық стандарттар тұрғысынан негіздеу қажеттіліктеріне, зияткерлік әлеуетіне басымдық берілгендіктен, ізденуші тарапынан ұсынылған зерттеу нәтижелері мен қорытындыларының өлшемдік үлесі жұмыстың ғылыми сұраныстарына жауап береді.</p> <p>Жұмыстың маңыздылығы кіріспе бөлімде толық ашылған.</p>
2.	Ғылымға	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы	

	маңыздылығы	ашылған/ашылмаған.	<p>Өсіресе, бүгінгі күнгі қазақ поэзиясында ежелгі фольклорлық үрдіс мазмұнымен сабақтастықты ақындардың мифтік персонаждарға оралуы, ұлттық психологияның қалыптасуы мен философиялық ой-толғамдардың этникалық ерекшелік қырларына әсер еткен мифологиялық бастауларда екендігін көрсетеді. Дәлел ретінде жұмыстың тараушаларындағы тақырыптардың өзі («Қасиетті ұғымға айналған мифопоэтикалық бейнелер», «Фольклордағы мифологиялық кейіпкерлердің бүгінгі поэзиядағы реминисценциясы», «Мифтік тылсым құбылыстардың көркем бейнеленуі») мифтік образдар мен сюжеттерді терең тану үшін, осы аймақтың тарихына топономика поэзиясы арқылы талдау жасаған. Демек, бүгінгі поэзиядағы этникалық жадтың рухани өзегіне бағыт-бағдар беретін мифтік көркемдік детальдардың қолданылуы мен мән мағынасын ың маңыздылығы айқындалған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:  1) жоғары;  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертацияда негізделген тұжырымдар мен қорытындылардың теориялық және әдістемелік мол материалдарына көз жүгірте отырып ізденушінің соңғы әлемдік әдеби мәселелерге шолу жасау қабілетін байқауға болады. Сонымен, қатар мифологиялық сарындардың үрдісі қандай бағыттарда жалғасын тапты немесе мәтіндердің түрлену жолдары нені аңғартады деген сауалдарға жауапты қазақтың ауызша әдебиетінде сақталған мифтік геройлардың бүгінгі ақындардың поэзиясындағы авторлық идеялық позициясында қолданылу тұстарынан іздейді. Өзіндік жазу принциптері және өзі жазу деңгейін ізденушінің әрбір мәселеде алдына қойған бағыттарынан байқауға болады. Мифологияны әлемдік деңгейде терең зерттеп, ой айтқан ғалымдардың теориялары, ғылыми әдістері мен ережелерінің қазақ мифологиясына сәйкесетін із болмаса сәйкеспейтін тұстарын компаративистикалық талдау, жұмыстың практикалық негіздеріне арқау болған.</p>

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі қазіргі мифологиядағы ас ірі зерттеуге сұранып тұрған нәрсе-адамзат мифтерінің ұқсас құрылымдық элементтерін зерттеуге мән беруінде. Өйткені, мифтік кейіпкерлер тіл дамуымен қатар өрбіп, әр ұлттың лексикалық сөздік қорының танымдық тұтастығын құрайтын логикаға ықпал етіп келеді. Жұмыста алынған нәтижелердің ішкі бірлігін диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында берілген қорытындылары айқындап береді.
			Жұмыста зерттеуші ғалым С. Қасқабасовтың космогониялық миф, батырлық миф (абырой мифі), архаикалық табыну мифі, рәсімдік-табыну мифі, эсхатологиялық миф (заманақыр мифтері), тотемдік миф деп жіктеуін қабылдай отырып қазақ мифтерінде өзара байланыс барын ескертеді. Мысалы батырлық мифтердің рәсімдік-табыну мифтерімен және тотемдік мифтер мен космогондық - табыну мифтер арқылы мазмұндық мәні ашыла түсетінін қаперге ала отырып, бүгінгі поэзиядағы мифтік сарын - мифті саңылау сезіммен немесе соқыр сезіммен қабылдаудың ара-жігін айыратын рухани тірек деп негіздейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Ізденуші қызығушылығын дәйектеген табиғаттағы дүниенің бәрі бірдей деген алғашқы мифтік сана әлемдегі жанды және жансыз, өлі мен тірі нәрсені жіктеуден бастау керек екеніне мән береді. Мифтік сананың дүниедегі нәрсенің бәрінің жаны бар деген ұғымының поэзиялық шығармалардан табады. Мифологияны архаикамен, ежелгі ойлау және әрекет түрлерімен байланыста қарастырады. Мифологияның өзіндік уақыты, жүйесі және өз кеңістігі бар екенін бірақ бұл әлі аяғына дейін зерттелмеген тақырыптардың бірі болып ұласып отырғанын ашып айтады. Диссертация мазмұны тақырып кеңістігін толық айқындай алады.

<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Қазіргі қазақ поэзиясындағы мифологиялық сарынды мифопоэтикалық аспектіде теориялық және әдістемелік негізде зерделеуге бағытталған диссертацияның мақсаты мен міндеттері анық. Мифология мәселелерін шығарманы құрылымдық тұрғыда зерттеу арқылы олардың өмірдегі танымдық мәселелерді шешудегі маңызын анықтау қажеттігін айқындаған.</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында берілген қорытындылары нақтылай алады. Диссертация бүгінгі қазақ поэзиясындағы мифологиялық сарынды авторлардың этникалық дүниетаным ерекшеліктеріне мән беруімен арқасында санадан өшіп, көмескіленіп бара жатқан мифтік сананың жанартылу үрдісін топономикалық зерттеулерге арқау ете отырып, аталмыш саланың ғылыми пәндік негіздерін, ұғымдық кеңістігін тиімді сабақтастыра алды. Бөлімдер арасында логикалық байланыс толығымен сақталған.</p>
<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидастар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, ғылыми айналымда жүрген белгілі тұжырымдар мен қағидалар салыстырылып, ұтымды ұсынылған.</p>
<p>белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Сыни талдауы бар, авторлық пікір өзге ғалымдардың көзқарастарымен жүйеленіп ұсынылған. Ізденуші отандық және шетелдік ғылыми ізденіс нәтижелеріне сүйене отырып, сыни талдаулар жүргізеді.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыста тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жұмыстың жаңалық дәрежесін айқындайды. Жұмыста негізделген тұжырымдардың жаңашылдық деңгейі, біріншіден, қазақ халқының мифтері ақындардың суреткерлік шеберліктері арқылы адамзаттың рухани дүниесіне позитивті өзгерістер енгізуге және ұлттық әдебиет мен мәдениетті тануда жаңаша көзқарас қалыптастыруға ықпалды екендігін дәйектелсе; екіншіден, қазіргі поэзиядағы мифологиялық сарындардың қолданыс аясы ежелгі этникалық дүниетанымды еске түсіру арқылы, яғни этникалық мифопоэтиканың константалары жаңа замандағы жанару идеясына еш қайшы келмейтіндігі анықталады. Ғылыми нәтижелер мен қағидалар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Тұжырымдар мен қорытындылардың жаңашылдық деңгейі екі тың бағыттың сабақтасу мүмкіндігімен нақтылана түсті: бірі – мифология, екіншісі – топонимиканың, яғни авторлардың этникалық дүниетаным ерекшеліктеріне мән беруі арқасында санадан өшіп, көмескіленіп бара жатқан мифтік сананың рухани тазаруға бағыттайтын тұстары жаңартылып, мұның өзі белгілі бір өңірдің топониміне қарап сол өңірді мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өресі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Жұмыс қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Технологиялық шешімдері жартылай жаңа және негізделген.. Шешімдердің негізделуі 75% -дық үлесте жаңа болып табылады.</p>
----	----------------------------	---	---

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызының диссертациясында алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген, зерттеу жұмысындағы қорытындылар мен тұжырымдардың барлығы нақты деректерді талдау, әдебиеттану ғылымында орныққан теорияларға сүйену, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан бұрын-соңды айтылған пікірлерді сараптау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағида	<p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) дәлелденді;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) кең</li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Қорғауға ұсынылатын 5 тұжырым да теориялық және логикалық жүйемен де сұрыпталып, негізделген. Қазіргі поэзиядағы мифологиялық сарындардың идеялық бағыты жеке индивидтердің Туған Жерге, этникалық ғұрыптық дүниетанымға, ана тіліне құрметпен қарау және ежелден келе жатқан топонимикалық атаулардың мифологиялық сана кеңістігімен талдана ұсынылған.</p> <p>Әр тұжырым нақты дәлелденген.</p> <p>Тривиалды емес.</p> <p>Жаңашылдық деңгейі жоғары.</p> <p>Қолдану деңгейі кең, өйткені өзекті мәселе бойынша ізденістер жүргізілген.</p> <p>Диссертацияның негізгі қағидалары мен қорытындылары қазақ және ағылшын тілдерінде ғылыми көпшілікке конференция материалдары, ғылыми мақалалар үлгілерінде ұсынылған. Олардың қатарында Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысында( Астана, 2019); Ш.Уәлиханов атындағы КМУ хабаршысында( Көкшетау, 2019); Қазақстанның ғылымы мен өмірі (Алматы, 2019); ARCHETYPES IN KAZAKH LEGENDS: TO THE PROBLEM OF TYPOLOGY» Astra Salvensis (Румыния, 2021) атауға болады. Жұмыстың ғылыми жетістіктерін дәйектейтін бағыттардың бірі және бірегейі – ғылыми басылымдарда жариялануы.</p>

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда тарихи салыстырмалы және компаративистикалық шолу әдістері пайдаланылған. Қазақ мифологиясындағы кейіпкерлердің ежелгі шумер, көне грек және басқа да елдердің мифтерімен генезистік байланысын компаративистикалық салыстыру арқылы шолу тізбегіндегі еңбектердің құндылығымен, қазіргі қазақ поэзиясындағы мифологияның қазақ өлеңтануындағы игеруге тиіс тың нәтижелер екендігін анықтайды. Ізденуші нақты авторлардың шығармашылық стиліндегі мифопоэтиканың заңдылықтарын (постмодернизм, импрессионизм, топонимикалық таным) саралауды мақсат ете отырып, қазіргі ақындардың мифопоэтикадағы индивидуалдік үнін аталмыш ұғымдармен тығыз бірлікте түсіндіру мақсатын көздеген.
----	---	---	--

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының дереккөздері мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі жоғары. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған.
--	--	--	---

<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Теориялық негізде талданған зерттеулер (Ә.Марғұлан, С.Қасқабасов, А.Еспенбетов, А.Машани, Ә.Қоңыратбаев, С.Ақатай, Ш.Сәтбаева, Р.Нұрғали, С.Қондыбай, А.Қыраубаева т.б. еңбектерімен қатар, мифологиялық мектептердің көрнекті өкілдері М.Элиаде, А.Кун, Дж.Вико, Э.Тейлор, З.Фрейд, К.Юнг, Э.Кассирер, Б.Малиновский, К.Леви-Стросс, Р.Барт, В.К.Шилейко, А.Ф.Лосев, В.Я.Голосовкер, Э.Фромм, Д.Судзуки сынды ғалымдардың зерттеу еңбектері диссертанттың базалық платформасын саралаумен қатар, ғылыми жұмыстың бағыт-бағдарын ішкі бірлікте ұстауға септігін тигізді. Мифтің релі мен қоғамдағы функциясы туралы тұщымды ойлар айтқан Дж.Кэмпбеллдің, В.Н.Топоровтың тұжырымдары және табиғат күштеріне табыну мифтерін (А.Байтұрсынұлы), «қазақтың қария сөздерінің» негізіндегі ескі аңыздар елесінен туындайтын мифтердің (Ә.Марғұлан), рух иелік тұрғыдағы мифтік сарындардың (С.Қасқабасов) және түп-тектүрік ортақтастық (С.Қондыбай) мәселелерін көтерген дәйекті тұжырымдар зерттеу нысанының теориялық және мазмұндық негізін қалыптастыруға негіз болған.</p>
<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Миф тақырыбын, мифологиялық кейіпкерлерді шығармашылық иелерінің сана, қабылдау құндылықтарымен сабақтастырған диссертант ішкі сезім-түйсіктің санадағы метафорикалық бедерін анықтауға тырысқан. Мифологиялық ғылыми еңбектерде ғалымдар ежелден мифке мән беріп, оны түсіндіру үшін жаңа тәсілдерді ойлап тауып отырғандығы, өмір мен табиғаттың жұмбақ құбылыстарын этникалық мифтік дүниетаным ұстанымдарымен талдауға тырысқан маңызды мәлімдемелері жұмыста расталған. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемемен расталған.</p>
<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертацияда отандық және әлемдік ғылыми қордағы материалдарды саралауға мән берген. Зерттеуде 148 әдебиетке шолу жасалған. Әлемдік мифологиялық зерттеулер жетістіктерімен қоса (Юнг К. Г., Кэмпбелл Дж. Буало Н., Лосев А.Ф еңбектері), жұмыста қазақ әдебиеттанушыларының үлесіндегі ізденістердің өзгешелігі көрсетілді. Қолданыстағы әдебиеттер тізімі диссертацияның теориялық негізін жүйелеуге толық мүмкіндік береді.</p>



9	Практикалық құндылық принципті	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы мен практикалық қолданбалы мәселелерді шешудегі бағыт-бағдарын қазіргі поэзиядағы мифологиялық сарындар мен өз шығармашылықтарында мифтік мотивтерге қалам тербеген ақындардың шеберлігін анықтау қажеттілігі саралап берді. Мифологиялық танымда ақындардың философиялық ой қозғауы мен стильдік ерекшеліктерін когнитивті негізде жүйелеу диссертанттың қолданбалы мақсат-міндеттерін де тереңірек түсінуге жол ашты. Зерттеу нәтижелері қазақ мифологиясының пәндік негіздемесін белгілеуге, мифті құрылымдық тұрғыда зерттеуге, антропологиялық, лингвистикалық бағыттарын дамытуға үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу нәтижелерін, жинақталған материалдар мен тұжырымдарды жоғары оқу орындарында «Өлең теориясы мен практикасы», «Халық ауыз әдебиеті», «Фольклористика» сияқты элективті пәндерді жүргізуге, оқу-әдістемелік құралдарын жазу барысында пайдалануға болады. Диссертацияның тақырыптық маңызы бар және алынған нәтижелерді қолданбалы сипатта іске асыруға мүмкіндігі бар.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Поэтикалық тілде қалыптасып дамып келе жатқан мифологияның лингвистикалық, топонимикалық, этникалық мәселелері
			зерттеуші жұмысында уақыт пен кеңістік тұрғысынан әлі де жіктелмегенін айқындап отыр. Бұл жұмыстың нәтижесінде диссертацияда мифтің табиғатына тән құбылыстар мен карама-қайшылықты тұжырымдарды саралауы ұтымды қолданыс тапқан.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) орташадан төмен; 4) төмен.</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің құндылығын, тақырыптың жаңашылдығын бағалай келе алдағы уақытта жұмыстағы мына мәселелерге мән берсе дейміз. Жұмыстың ғылыми аппаратындағы зерттеу әдістерінің қызметтері бір болып қайталанып тұрғандықтан (9 бет) нақтыланып іріктелсе.. Екіншіден, миф кейіпкерлерінің жазба поэзиядағы бейнесіне компаративистикалық талдауда тек 2 ақын Ұ.Есдәулет пен Ж.Әскербекқызының өлеңдерін шығыстық шайырлардың кейбір жырларымен ғана салыстырумен шектелген. Компаративистикалық талдауда әлемдік деңгейдегі көркемдік ойлардың (мотив, сюжет, стиль, т.б.) деңгейлері салыстырылғаны дұрыс еді. Дегенмен де бұл ескертпелер жұмыстың мазмұнына еш нұсқан келтірмейтіндіктен болашақ ғалым алдағы ғылыми ізденістерінде ескерсе деген тілек айтар едік. Сондықтан да М. Г. Оразбекқызының «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар (Т. Әбдікәкімұлы, Ұ. Есдәулет, Ж. Әскербекқызы лирикасы негізінде)» атты 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға толығымен сәйкес келетін, академиялық жазу сапасы жоғары және терең дайындық нәтижелерін құраған ғылыми жұмыс ретінде бағаланады, ал оның авторы Гүлнұр Оразбекқызы Мүрсәлім философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеледі.</p>
-----	---------------------------	---	---

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы

С.Б.Ержанова



ҚОЛТАҢБАСЫН  
РАСТАЙМЫН  
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ

*[Handwritten signature]*